

## АВТОКӨЛІКТІ ҚАШЫҚТАН САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ

№ CFR002171

Инчхон к., Корея Республикасы

Осы Шарт (бұдан әрі - «Шарт») келесі тараптар арасында жасалды:

«CARIFY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Корея Республикасының, заннамасына сәйкес тіркелген, Бас директор Орхан Хусейинов атынан әрекет ететін (бұдан әрі - «Сатушы»),

[Сатып алушының аты-жөні] (Жеке куәлік № AA0000000) (бұдан әрі — «Сатып алушы»). Сатушы мен Сатып алушы бұдан әрі әрқайсысы жеке «Тарап», ал бірге — «Тараптар» деп аталады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

#### 1.1. Сатушы міндетіне алады:

Сатушы Сатып алушының атынан Оңтүстік Корея аумағындағы онлайн-платформаларда (мысалы, carify.kr, encar.com, Lotte Auction, Heydealer және басқалар) таңдалған көлік құралын (бұдан әрі – «Автомобиль») сатып алуды жүзеге асыру міндетіне алады.

Сатып алушы көрсеткен елге Автомобильді жеткізуді ұйымдастыру міндетіне алады.

Марка мен модель:	Kia Sorento
VIN:	KNAPH81ADKA*****
Шығарылған жылы:	12/2018
Түсі:	Ақ
Жүрісі (Пробег):	36,047 км
Қозғалтқыш көлемі:	1,995 см³

1.2. Автомобиль Сатып алушының тапсырысы бойынша алынатын қолданыста болған (бұрын пайдаланылған) көлік құралы болып табылады.

### **1.3. Сатушы мыналарды ұсынады:**

- Автокөліктің техникалық жағдайы туралы есеп
- Фото және видео материалдар (email, WhatsApp немесе Telegram арқылы).
- Сатып алушы авткөлікті сатып алғанға дейін оны жеке тексере алмайтынын түсінеді.

### **1.4. Тасымалдау және кеден шығындары:**

- Барлық жеткізу, кедендік төлемдер, ҚҚА және тиеу-түсіру шығындарын Сатып алушы төлейді.

### **1.5. Жеткізу құнының өзгеруі:**

- Құн артқан жағдайда, айырма соманы Сатушы төлейді. При снижении — Покупателю возвращается разница.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1 Сатушы міндеттері:**

- Автомобильді 8-14 ( сегіз-он төрт) күн ішінде Владивосток қаласынан сатып алып, жеткізді жүзеге асырады. Көрсетілген мерзімнен асатын кешіктіруге тек форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде ғана рұқсат етіледі.(Аталған шарт жеткізу еліне байланысты өзгеруі мүмкін.)
- Автомобильді тағандалған елде тіркеу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсыну.
- Егер Автомобиль корейлық дилер тарапынан сатылып кеткен жағдайда, Сатушы балама Автомобильді ұсынуға міндетті.
- Автомобильді тапсыру кезінде 200 (екі жүз) АҚШ долларына дейінгі болмашы зақымдар (оның ішінде сызаттар, ластану, жанармай деңгейінің төмен болу) үшін Сатушы жауапкершілікті көтермейді.

### **2.2. Сатып алушының міндеттері:**

- Автомобильді іріктеу үшін 1000 (бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде депозит төлеуге және растаудан кейін оның толық құнын төлеуге міндетті.
- Жеткізу еліне байланысты контейнерді түсіру ақысы мен қабылдаушы елдегі кедендік алымдарды қоса алғанда, барлық қосымша шығындарды төлеуге міндетті.

- Автомобильді жеткізу кезінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдауға міндетті.

### **3. ҚҰНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ**

3.1. Автомобильдің жалпы құны **20 000 (жиырма мың) АҚШ долларын** құрайды, оның ішінде:

- Автомобильдің техникалық жағдайын, ақауларын және сапасын ескере отырып белгіленген құны — **20,000 (жиырма мың) АҚШ доллары..**
- Автомобильді Корея Республикасынан тапсыру пунктіне дейін жеткізу шығындары — **жеткізу еліне байланысты айқындалады..**

3.2..Автомобиль үшін төлем Сатып алушы тарапынан Сатушы ұсынған шот негізінде Корея Республикасында орналасқан Сатушы компаниясының банктік шотына тікелей аудару арқылы жүзеге асырылады.

### **4. АВТОМОБИЛЬДІ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ТАПСЫРУ**

4.1. Автомобильді беру қабылдау-тапсыру актісімен рәсімделеді.

4.2. Сатушы Автомобильдің тапсыруға дайын екендігі туралы Сатып алушының ұялы телефон немесе электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

4.3.Автомобильді қабылдау кезінде Сатып алушы оның техникалық және сыртқы жағдайының ұсынылған сипаттамаларға (1.3-тармаққа сәйкес) сәйкестігін тексеруге міндетті.

4.4. Автомобильге меншік құқығы Корея Республикасында Сатып алушының атына тіркелгеннен кейін Сатып алушыға өтеді.

• **Тәуекелдердің өтуі:** Автомобильді Корея Республикасынан жөнелткен сәттен бастап, тасымалдау кезінде туындауы мүмкін механикалық зақымдану тәуекелі Сатып алушыға өтеді.

• **Міндеттемелердің орындалуы:** қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап Сатушы осы Шарт бойынша өз міндеттемерін толық орындаған болып есептеледі.

*(Ескерту: Автомобиль жөнелтілгеннен кейін тасымалдау барысында туындаған кез келген зақымданулар үшін жауапкершілік Сатып алушыға жүктеледі.)*

### **5. АВТОМОБИЛЬДІ САТУ ШАРТТАРЫ**

### **5.1. Кепілдік берілмейді:**

- Автомобильді Сатып алушыға берілгеннен кейін, Сатушы оның сапасына немесе техникалық ақауларына қатысты (қозғалтқыш пен трансмиссиядан басқа) ешқандай кепілдік бермейді.
- Сатып алушы қолданыста болған (бұрын пайдаланылған) Автомобильді сатып алып отырғанын түсінеді және кез келген ақаулар мен кемшіліктер табиғи тозудың немесе қалыпты пайдалану нәтижесінде туындауы мүмкін екенін мойындайды.
- Осыған байланысты Сатып алушы Автомобильдің сапасына қатысты Сатушыға қандай да бір талап қоюға құқылы емес.

### **5.2. Шарт жасалғанға дейін ақпарат беру:**

- Осы Шартқа қол қойылғанға дейін Сатушы Автомобильдің техникалық және жалпы жағдайы туралы толық ақпарат ұсынуға міндетті.

### **5.3. Сатып алушының растауы:**

- Сатып алушы осы Шартқа қол қойылғанға дейін Сатушының өзіне төмендегі құжаттарды ұсынғанын растайды:
- Автомобильдің техникалық тексерісі туралы толық есеп;
- Диагностикалық құжаттар (оның ішінде уәкілетті сервистік орталықта тексеруден өткенін растайтын сервистік чек-парақтар).

### **5.4. Жасырын ақаулар үшін жауапкершіліктің болмауы:**

- Сатушы тексеру кезінде анықталмаған жасырын ақаулар үшін жауап бермейді.
- Сатып алушы мұндай ақаулардың болуы мүмкін екенін мойындайды. Олар кейін анықталған жағдайда, Сатып алушы оларды өз қаражаты есебінен өзі жояды.

### **5.5. Ресми сервистік орталықта қосымша техникалық тексеру:**

- Сатып алушының сұрауы бойынша Корея Республикасы аумағындағы ресми сервистік орталықта қосымша техникалық тексеру ұйымдастырылуы мүмкін.
- Қызмет құнын алдын ала төлеуге міндетті (шамамен 400 (төрт жүз) АҚШ доллары, сома сервиске байланысты өзгеруі мүмкін);
- Көрсетілген соманы Сатушының банктік шотына алдын ала аударуы тиіс.
- Аталған сома Сатып алушы кейіннен Автомобильді сатып алудан бас тартқан жағдайда да қайтарылмайды.

*(Ескерту: Автомобиль жеткізілгеннен кейін оның техникалық жағдайына байланысты барлық тәуекелдер Сатып алушыға өтеді. Алайда трансмиссия мен қозғалтқыштағы*

елеулі ақаулар бұл талапқа кірмейді. Қосымша тексерулер Сатып алушының бастамасы бойынша және оның есебінен жүргізіледі.)

## **6. ФОРС-МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР**

### **6.1 Форс-мажорлық жағдайлар туралы хабарлау:**

- Егер Тараптардың бірі осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін форс-мажорлық жағдайларға байланысты орындай алмаса (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: өрт, су тасқыны, табиғи апаттар, блокада, ереуілдер, әскери әрекеттер, жаппай тәртіпсіздіктер немесе эмбарго), ол мұндай жағдайлар туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.
- Хабарламада мыналар көрсетілуі тиіс:
  - форс-мажорлық жағдайлардың сипаты;
  - олардың шарттық міндеттемелерді орындауға әсері.

### **6.2.6.2. Уақтылы хабарламау үшін жауапкершілік:**

- Егер Тараптардың бірі форс-мажорлық жағдайлар туралы уақтылы хабарламаса, ол екінші Тарапқа келтірілген ықтимал залал үшін жауапты болады.

### **6.3. Ұзаққа созылған форс-мажор жағдайларына байланысты шартты бұзу:**

- Егер форс-мажорлық жағдайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты бұзуға құқылы.
- Бұл жағдайда:
  - Тараптардың ешқайсысы өтемақы төлемейді;
  - Шарт қандай да бір қосымша қаржылық міндеттемелерсіз тоқтатылған болып есептеледі.

*(Ескерту: Форс-мажорлық жағдайлар әсер еткен Тарапты жауапкершіліктен босатады, алайда уақтылы хабарлау міндетін жоймайды. Ұзаққа созылған жағдайлар айыппұл санкцияларынсыз Шартты бұзуға негіз болады.)*

## **7. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

### **7.1. Шарттың қолданылу мерзімі**

- Осы Шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін күшін жояды.

## **7.2. Құқықтар мен міндеттерді беру шектеуі**

- Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

## **7.3. Өзгерістер мен толықтырулар**

- Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана күшіне енеді және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## **7.4. Құпиялылық**

- Тараптар осы Шартқа қатысты барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оны алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

## **7.5. Дана шарты**

- Осы Шарт тең заңды күші бар екі данада жасалды.
  - Бір данасы Сатушыда (Carify) сақталады.
  - Бір данасы Сатып алушыда сақталады..

## **7.6. Жүріс (пробег) көрсеткішіне кепілдік (одометр бойынша кепілдік)**

- Егер Автомобильді тағайындалған елде тексеру барысында оның нақты жүрісі (пробег) мен Корея Республикасында тіркелген жүріс (пробег) көрсеткіші арасында айырмашылық анықталса, Carify компаниясы толық жауапкершілік көтереді және тиісті кепілдігін береді.

## **7.7. Кузов зақымдары мен бояуға кепілдік**

- Егер Автомобильді тексеру кезінде жасырын жол-көлік оқиғасының іздері, қайта бояу немесе кузов бөлшектерінің ауыстырылғаны анықталса, Carify компаниясы толық жауапкершілік көтереді және тиісті кепілдігін береді..

## **7.8. Техникалық және пайдалану ақауларына кепілдік:**

- Егер Автомобильді тексеру барысында қалыпты тозудан тыс техникалық немесе пайдалану ақаулары анықталса, Carify компаниясы жөндеу жұмыстарын жүргізуге немесе өтемақы төлеуге толық жауапты болады.
- Қозғалтқыш пен трансмиссияға кепілдік: Егер Автомобиль жеткізілгеннен кейін 36 (отыз алты) сағат ішінде қозғалтқышта немесе трансмиссияда ақаулар анықталса, Carify компаниясы қажетті жөндеу шығындарын өтеуге міндеттенеді.
- Кепілдік негізгі техникалық бөлшектерге қатысты ақауларға қолданылмайды, оның ішінде: ГРМ белдігі немесе тізбегі, қозғалтқыш тіректері, сондай-ақ жекелеген сұйықтықтың ағуы.

(Ескерту: Carify компаниясы Автомобильдің жүріс көрсеткіші, кузов жағдайы және жасырын техникалық ақаулары бойынша ашықтықты қамтамасыз етеді. Әсіресе, жеткізілгеннен кейін бірден қозғалтқыш пен трансмиссияны тексеруге ерекше назар аударылады.)

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

<p><b>Сатушы:</b> <b>CARIFY LLC</b> 8th Floor, No. 875, Cheongna The Liv Tiamo, 490 Jungbong-daero, Seo-gu, Incheon, Korea 22770 Телефон: +82 10 7216 7665 Компанияның тіркелу нөмірі: 574-81-03341 Есеп айырысу шоты: 11391001565838 Банк: КЕВHana Bank, Seolin Branch SWIFT: KOEXKRSE Шот валютасы: USD</p> <p><b>Бас директор</b> <b>Орхан Гусейнов</b> _____ (Қолы)</p>	<p><b>Сатып алушы:</b></p> <p>Аты-жөні: [Сатып алушының аты-жөні] Жеке куәлік №: <b>AA000000</b></p> <p>_____ (Қолы)</p>
---	--